

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 29 сәуірдегі № 857 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 27 мамырдағы № 586 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 29 сәуірдегі № 857 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 29 сәуірдегі № 857 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 20) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Президентінің жаңындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық кеңесінің қызметін одан әрі жетілдіру мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. «Қазақстан Республикасының Ұлттық кеңесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 29 сәуірдегі № 857 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2002 ж., № 12, 113-құжат; 2003 ж., № 43, 451-құжат; 2004 ж., № 18, 223-құжат, № 51, 671-құжат, 2006 ж., № 5, 39-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық кеңесі туралы ереже және Қазақстан Республикасы Ұлттық кеңесінің құрамы осы Жарлықтың 1 және 2-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Н. Назарбаев

Қазақстан

Республикасы

Президентінің

2011

жылғы

№

1-ҚОСЫМША

Қазақстан

Президентінің

Жарлығына

Республикасы

Қазақстан Республикасының Ұлттық кеңесі туралы ереже 1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық кеңесі (бұдан әрі - Ұлттық кеңес) Қазақстан Республикасы Президентінің жаңындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Ұлттық кеңес қызметінің мақсаты мемлекет өміріндегі неғұрлым маңызды мәселелер бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу болып табылады.

3. Ұлттық кеңес өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ осы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

2. Ұлттық кеңестің негізгі міндеттері

4. Ұлттық кеңестің негізгі міндеттері:

1) мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын қозғайтын проблемалар бойынша ұсыныстар әзірлеу;

2) мемлекет өміріндегі маңызды мәселелерді шешуге бағытталған шараларды әзірлеу және мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам институттарының оларды іске асыру жөніндегі іс-қимылдының келісімділігін қамтамасыз ету;

3) елдің даму қорытындылары мен перспективаларын қарау, Мемлекет басшысына мемлекет пен қоғам тыныс-тіршілігінің негізгі бағыттары бойынша ұсыныстар енгізу;

4) мемлекеттік саясат мәселелерін талқылауға жағдай жасау және оларға жалпы ұлттық түрде қатысады үйымдастыру;

5) Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынысы бойынша мемлекет пен қоғамның өзге де маңызды мәселелерін талқылау болып табылады.

3. Ұлттық кеңестің өкілеттігі

5. Ұлттық кеңес өзіне жүктелген міндеттерді шешу мақсатында:

1) заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге қатысады, сондай-ақ Қазақстанның мемлекеттік және қоғамдық өмірінің мәселелерін шешуге қатысты мәселелер бойынша ұсынымдар енгізеді;

2) өз қызметінің жекелеген мәселелері мен бағыттары бойынша ұсыныстар әзірлеу үшін жұмыс топтарын құрады;

3) мемлекеттік органдар мен өзге де үйымдардан Ұлттық кеңестің міндеттерін іске

асыруға қажетті құжаттар мен материалдарды сұратады және алады;

4) халықаралық және шетелдік ұйымдармен өзара іс-қимыл жасауды жүзеге асыраады;

5) Ұлттық кеңестің отырыстарына шығарылатын мәселелер бойынша мемлекеттік органдардың басшылары мен өзге де лауазымды адамдарды тыңдайды;

6) Ұлттық кеңестің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, басқа да ұйымдар мен азаматтардың үсіністарын қарайды;

7) статистикалық, талдамалық, әдістемелік және басқа да ақпараттық материалдарды тиісті мемлекеттік органдарға, қоғамдық бірлестіктер мен өзге де ұйымдарға қараша үшін жолдайды;

8) Ұлттық кеңестің міндеттерінен туындайтын өзге де шараларды жүзеге асырады.

4. Ұлттық кеңестің құрамы

6. Ұлттық кеңестің құрамы Ұлттық кеңес төрағасынан, оның мүшелері мен хатшысайна жасақталады.

7. Ұлттық кеңестің төрағасы (бұдан әрі - Төраға) Қазақстан Республикасының Президенті болып табылады.

8. Төраға:

- 1) Ұлттық кеңестің қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады;
- 2) Ұлттық кеңес отырыстарының өтетін орны мен уақытын анықтайды;
- 3) Ұлттық кеңестің отырыстарына төрағалық етеді;
- 4) Ұлттық кеңестің мүшелері мен хатшысына тапсырмалар береді.

9. Ұлттық кеңестің құрамы ондағы мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың тең өкілдігі негізінде жасақталады. Кеңес мүшелерінің жартысы орталық мемлекеттік органдар басшыларының, Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының, өнірлердің әкімдері арасынан тағайындалады.

Кеңес мүшелерінің жартысы азаматтық қоғам институттарының өкілдері арасынан тағайындалады. Азаматтық қоғам институттары өкілдерінің тізімін жасақтаудың негізгі өлшемдері олардың елдің дамуына қосқан үлесі мен қоғамдық қызметтегі елеулі тәжірибелі болып табылады.

Парламент Сенатының Төрағасы, Парламент Мәжілісінің Төрағасы, Премьер-Министр, Мемлекеттік хатшы, Президент Әкімшілігінің Басшысы, Бас прокурор, Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі үекіл Ұлттық кеңестің құрамына лауазымдары бойынша кіреді.

Төрағаның шешімі бойынша Ұлттық кеңеске басқа да адамдар енгізілуі мүмкін.

10. Ұлттық кеңестің мүшелері:

- 1) Ұлттық кеңестің қызметін жетілдіру, оның ішінде Ұлттық кеңестің жұмыс-

жоспары, оның отырыстарының күн тәртібі мен ондағы мәселелерді талқылау тәртібі
б о й ы н ш а ұ с ы н ы с т а р е н г і з у г е ;

2) Ұлттық кеңес отырыстарына материалдар, оның шешімдерінің жобаларын
дайындауға және Ұлттық кеңес қарайтын мәселелерді талқылауға қатысуға;

3) Ұлттық кеңес отырысына енгізілген мәселелер бойынша мемлекеттік
органдардың лауазымды адамдарының ақпараттарын Ұлттық кеңестің отырыстарында
т ы ң д а у ғ а ;

4) азаматтардың маңызды қоғамдық мәні бар өтініштерін Ұлттық кеңестің қарауына
е н г і з у қ ұ қ ы қ т а р ы б а р .

Ұлттық кеңестің әрбір мүшесі жарты жылда бір рет, дербес, жазбаша түрде өз
қызметі саласындағы неғұрлым маңызды мәселелер бойынша Кеңес отырыстарынан
тыс жұмыс тәртібімен қаралатын ұсыныстар мен ұсынымдар береді.

Ұлттық кеңес мүшелерінің өз өкілеттіктерін басқа адамдарға беруге құқықтары жоқ
және оның отырыстарына алмасу құқығының қатысады.

11. Ұлттық кеңестің хатшысы :

1) Ұлттық кеңестің жұмыс жоспарының жобасын әзірлеуді қамтамасыз етеді;

2) оның отырыстарының күн тәртібінің жобасын қалыптастырады;

3) Ұлттық кеңестің отырыстарына материалдар, сондай-ақ хаттамалық шешімдердің
жобаларын дайындауды үйімдастырады;

4) Ұлттық кеңестің кезекті отырысының өтетін орны, уақыты мен күн тәртібі
туралы оның мүшелерін хабардар етеді, оларды қажетті материалдармен уақытылы
қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

5) Ұлттық кеңестің отырыстары хаттамаларының үзінді көшірмелеріне өзінің қолын
қойып куәландырады.

5. Ұлттық кеңестің жұмыс тәртібі

12. Ұлттық кеңестің отырыстары (бұдан әрі - отырыс) қажеттілігіне қарай, бірақ
жартыжылдықта кемінде бір рет өткізіледі.

13. Егер оған Ұлттық кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі
катысса, отырыс заңды болып табылады.

14. Отрысқа тәрағалық етуші :

1) отырыстың күн тәртібі мен жұмыс тәртібі туралы хабардар етеді;

2) осы ережеге сәйкес отырыстың өткізуін қамтамасыз етеді;

3) сөз сөйлеу үшін ұсыныстардың тұсу тәртібімен сөз беріп отырады, ал қажет
болған жағдайда мұндай өзгерістердің себептерін жария етіп, сөз сөйлеушілердің
р е т т і к к е з е г і н ө з г е р т е д і ;

4) отырыста талқылау қорытындысын шығарады және хаттамаға қол қояды.

15. Ұлттық кеңестің шешімдері отырыс барысында Ұлттық кеңес мүшелерінің

дауыс беру жолымен қабылданады. Егер Ұлттық кеңестің отырысқа қатысқан мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, Ұлттық кеңестің шешімі қабылданған болып есептеледі.

Отырысқа қатысушылардың дауысы тең болған жағдайда Төраға дауыс берген шешім қабылданады.

Төраға өзінің қалауы бойынша жекелеген мәселелер бойынша шешімдер қабылдаудың өзге де тәртібін белгілеуге құқылы.

Ұлттық кеңестің мүшелері қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда өзінің ерекше пікірін білдіруге құқылы.

16. Ұлттық кеңестің шешімдері Төраға қол қоятын хаттамамен ресімделеді. Қажет болған жағдайда Ұлттық кеңестің шешімі Қазақстан Республикасы Президентінің немесе Үкіметінің актілерімен іске асырылуы мүмкін.

17. Төрағалық етушінің шешімі бойынша Ұлттық кеңестің отырысына Кеңестің құрамына кірмейтін Парламент депутаттары, мемлекеттік органдардың, саяси партиялар мен үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, ғалымдар мен тәуелсіз сарапшылар шақырылуы мүмкін. Ұлттық кеңес отырысына шақырылғандар дауыс беруге қатыспайды.

18. Ұлттық кеңес өз жұмысының осы ережеде көзделмеген ұйымдастыру мәселелерін реттейтін регламент қабылдауға құқылы.

19. Ұлттық кеңестің қызметін ақпараттық-талдамалық қамтамасыз етуді жүзеге асыруши жұмыс органы Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі болып табылады.

Ұлттық кеңестің жұмыс органды:

1) Ұлттық кеңес мүшелерінің, сондай-ақ мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, өзге де ұйымдар мен азаматтардың ұсыныстары мен ұсынымдарын талдауды;

2) Ұлттық кеңестің ұсынымдарын тиісті мемлекеттік органдарға қарау үшін жолдауды.

20. Ұлттық кеңес шешімдерінің орындалуын бақылауды Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі жүзеге асырады.

Қазақстан

Республикасы

Президентінің

2011 жылғы

№ — —

Жарлығына

2-ҚОСЫМША

Қазақстан

Республикасы

Президентінің

**Қазақстан Республикасы Ұлттық кеңесінің
құрамы**

Назарбаев	- Қазақстан Республикасының Президенті,
Нұрсұлтан Әбішұлы	Төраға
Мыңбай	- Қазақстан Республикасы Президентінің
Дархан Қамзабекұлы	Әкімшілігі Ишкі саясат бөлімінің менгерушісі, хатшы

Ұлттық кеңестің мүшелері:

Мәми	- Қазақстан Республикасы Парламенті
Қайрат Әбдіразақұлы	Сенатының Төрағасы
Мұхамеджанов	- Қазақстан Республикасы Парламенті
Орал Байғонысұлы	Мәжілісінің Төрағасы
Мәсімов	- Қазақстан Республикасының
Кәрім Қажымқанұлы	Премьер-Министрі
Саудабаев	- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы
Қанат Бекмырзаұлы	- Қазақстан Республикасының Президенті
Мусин	Әкімшілігінің Басшысы
Аслан Есболайұлы	- Қазақстан Республикасының
Дауылбаев	Бас прокуроры
Асхат Қайзоллаұлы	- Қазақстан Республикасы Президентінің
Әшімбаев	Әкімшілігі Басшысының орынбасары
Мәулен Сағатханұлы	- Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі
Божко	- Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрі
Владимир Карпович	- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі
Жұмағалиев	- Қазақстан Республикасының Сыртқы істер
Асқар Қуанышұлы	министрі
Жұмағұлов	- Қазақстан Республикасының Мәдениет
Бақытжан Тұрсынұлы	министрі
Қазыханов	
Ержан Хозейұлы	
Құл-Мұхаммед	
Мұхтар Абрагұлы	

Мамытбеков	- Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі
Асылжан Сарыбайұлы	- Алматы қаласының әкімі
Есімов	- Астана қаласының әкімі
Ахметжан Смағұлұлы	- Батыс Қазақстан облысының әкімі
Тасмағамбетов	- Қарағанды облысының әкімі
Иманғали Нұргалиұлы	- Солтүстік Қазақстан облысының әкімі
Ізмұхамбетов	- Шығыс Қазақстан облысының әкімі
Бақтықожа Салахатдинұлы	- Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы (келісім бойынша)
Ахметов	- Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы (келісім бойынша)
Серік Нығметұлы	- Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Экономикалық реформа және өнірлік даму комитетінің төрағасы
Біләлов	- Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Қаржы және бюджет комитетінің төрайымы (келісім бойынша)
Серік Сұлтанғазыұлы	- Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Аграрлық мәселелер комитетінің төрағасы (келісім бойынша)
Сапарбаев	- Қазақстан Республикасы Парламенті Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің төрағасы
Бердібек Машбекұлы	(келісім бойынша)
Бижанов	- Қазақстан Республикасы Парламенті
Ақан Құсайынұлы	Сенатының Әлеуметтік-мәдени даму
Сұлтанов	комитетінің төрағасы (келісім бойынша)
Қуаныш Сұлтанұлы	- Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы (келісім бойынша)
Айымбетов	- Қазақстан Республикасы Парламенті
Сейітсұлтан Сұлейменұлы	Мәжілісінің Экономикалық реформа және өнірлік даму комитетінің төрағасы
Жолшыбеков	(келісім бойынша)
Әмзебек Рысбекұлы	- Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Қаржы және бюджет комитетінің төрайымы (келісім бойынша)
Қарақұсова	- Қазақстан Республикасы Парламенті
Гүлжан Жанпейісқызы	Мәжілісінің Қаржы және бюджет комитетінің төрайымы (келісім бойынша)
Мадинов	- Қазақстан Республикасы Парламенті
Ромин Ризұлы	Мәжілісінің Аграрлық мәселелер комитетінің төрағасы (келісім бойынша)
Мұқашев	- Қазақстан Республикасы Парламенті
Рахмет Желдібайұлы	Мәжілісінің Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің төрағасы
	(келісім бойынша)

Нығматулин Ерлан Зайроллаұлы	- Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитетінің төрағасы (келісім бойынша)
Некетаева Динар Жүсіпәліқызы	- Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрайымы (келісім бойынша)
Әбдікәрімов Оралбай Әбдікәрімұлы	- Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты (келісім бойынша)
Сұлтанов Болат Қылышбайұлы	- Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының директоры
Шәкіров Асқар Оразалыұлы	- Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл
Нокин Серік Кеңесұлы	- Қазақстан Республикасы Құрылыш және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің төрағасы
Байменов Әлихан Мұхамедияұлы	- Қазақстанның «Ақ жол» демократиялық партиясының төрағасы (келісім бойынша)
Қалиев Ғани Әлімұлы	- Қазақстан социал-демократиялық «Ауыл» партиясының төрағасы (келісім бойынша)
Косарев Владислав Борисович	- Қазақстанның Халықтық Коммунистік партиясының төрағасы (келісім бойынша)
Мәмбеталин Серікжан Есенғосұлы	- «Руханият» жасылдар партиясының төрағасы (келісім бойынша)
Нәрікбаев Мақсұт Сұлтанұлы	- «Әділет» демократиялық партиясының төрағасы (келісім бойынша)
Нығматулин Нұрлан Зайроллаұлы	- «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясы төрағасының бірінші орынбасары (келісім бойынша)
Айтбаев Әмірзак Айтбайұлы	- тілтанушы, филология ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті (келісім бойынша)
Аманбаев Әли Әбліттайұлы	- Қазақстан мүгедектер үйымдары одағының төрағасы (келісім бойынша)

- Әуезов
Мұрат Мұхтарұлы
- Ахметова
Ләйла Сейсембекқызы
- Бөлекбаев
Сағади Байұзакұлы
- Вовнянко
Игорь Александрович
- Ерімбетов
Нұрлан Кенжебекұлы
- Жангереева
Гүлмира Төреғалиқызы
- Жұрынов
Мұрат Жұрынұлы
- Қасқабасов
Сейіт Асқарұлы
- Каюпова
Нина Амиропна
- Мамашев
Талғат Асылұлы
- қоғам қайраткері, қытайтанушы, мәдениеттанушы, Қазақстан жазушылар одағының мүшесі (келісім бойынша)
 - Үкіметтік емес ұйымдардың «Әріптес» Алматы конфедерациясының төрайымы (келісім бойынша)
 - «Ғалымдар Орталық Азиядағы бейбітшілікті қолдайды» қоғамдық бірлестігінің төрағасы (келісім бойынша)
 - «Қазақстан Республикасының кинематографистер одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы (келісім бойынша)
 - «Мәдени майдан» қоғамдық бірлестігінің төрағасы (келісім бойынша)
 - «Астана қаласы тәуелсіз медициналық сарапшылар қауымдастыры» қоғамдық бірлестігінің төрайымы (келісім бойынша)
 - «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» қоғамдық бірлестігінің президенті (келісім бойынша)
 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры, Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор (келісім бойынша)
 - «Республикалық әйелдер кеңесі» қоғамдық бірлестігінің төрайымы (келісім бойынша)
 - «Дүниежүзі қазақтарының қауымдастыры» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы (келісім бойынша)

- Могилюк
Светлана Владимировна
бойынша)
- Мұқашев
Сиязбек Өнербекұлы
(келісім бойынша)
- Нұртөре Жұсіп
- Оразалин
Нұрлан Мірқасымұлы
бойынша)
- Перуашев
Азат Тұрлыбекұлы
(келісім бойынша)
- Рұстембекова
Айман Мейірқызы
(келісім бойынша)
- Рұстембеков
Ақмырза Исаұлы
(келісім бойынша)
- Смағұлов Бақытбек
(келісім бойынша)
- Соловьев
Айгүл Сағадибекқызы
депутаты (келісім бойынша)
- Сұлейменов
Қайырбек Шошанұлы
кенесінің төрағасы (келісім бойынша)
- Терещенко
Сергей Александрович
қайраткері (келісім бойынша)
- «Қазақстан экофорумы» қоғамдық бірлестігінің төрайымы (келісім бойынша)
- Қазақстан Республикасының Кәсіподақтар федерациясы кенесінің төрағасы (келісім бойынша)
- «Айқын» газетінің бас редакторы, Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдар саласындағы сыйлығының лауреаты (келісім бойынша)
- «Қазақстан жазушылар одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы (келісім бойынша)
- «Атамекен» одағы» Қазақстан ұлттық экономикалық палатасы» заңды тұлғалар бірлестігінің төрағасы
- «Ареал» қоғамдық қорының директоры (келісім бойынша)
- «Сәулетшілер одағы» респубикалық қоғамдық бірлестігінің президенті
- «Ауған соғысы ардагерлері» қауымдастырының төрағасы, «Саяп» қоғамдық қорының төрағасы
- «Қазақстан Азаматтық альянсы» қауымдастық нысанындағы заңды тұлғалар бірлестігінің президенті, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты (келісім бойынша)
- «Қазақстан Республикасының ардагерлер үйімі» қоғамдық бірлестігінің Орталық кенесінің төрағасы (келісім бойынша)
- «Орыс, славян және қазақ ұйымдары қауымдастыры» қоғамдық бірлестігінің төрағасы, Қазақстанның мемлекеттік қайраткері (келісім бойынша)

Омарбеков
Байтұрсын Есжанұлы
бойынша)

Чернышев
Олег Владимирович

(келісім бойынша)

Сәрінжіпов
Аслан Бәкенұлы
(келісім бойынша)

- Қазақстан Суретшілер одағы
басқармасының төрағасы (келісім

- «Талдау және болжау институты»
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігінің директоры, «Шығыс
Қазақстан облысы Азаматтық альянсы»
занды тұлғалар бірлестігінің төрағасы

- «Назарбаев Университеті» акционерлік
қоғамы Атқарушы кеңесінің төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК